

FTAXP 11.25.09

З. Шалкеева¹, Д. Молдабаева¹
¹Сулейман Демирел университеті
Қаскелең қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның сыртқы саясатын, сыртқы саяси стратегиясын жете түсіну үшін Қазақ хандығының тарихын, хандық кезіндегі басқа елдермен сыртқы саяси байланыстарын білудің маңызы өте зор. Өйткені Қазақ хандығы кезіндегі өз елі мен жеріне шексіз берілген хандардың даналықпен жүргізген сыртқы саясатның арқасында қазіргі территориямыздың тұтастығы сақталды десек те болады. Сонымен қатар, арада қанша ғасыр өтсе де Қазақ хандығы мен Тәуелсіз Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясының басты бағыттарында айтарлықтай өзгерістердің болмағандығын байқауымызға болады. Қазақ хандығы кезіндегі стратегиялық маңызы бар серіктестер ретінде Ресей, Үндістан және Қытайды айтатын болсақ, қазіргі таңда да Қазақстан сыртқы саясатында осы үш мемлекеттің орны ерекше екендігін көре аламыз.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, саяси стратегия, дипломатия, Қазақ хандығы, Қазақстан, Үндістан, Ресей, Осман империясы, Ұлы Моғолдар, саяси қарым-қатынастар.

Аннотация. В данной статье обоснована необходимость изучения истории Казахского ханства и его внешнеполитические отношения с другими странами, чтобы понять внешнюю политику и стратегию внешней политики Казахстана после обретения Независимости. По мнению авторов, благодаря умело и мудро реализованной внешней политики преданных своей земле и народу ханов во время Казахского ханства, сохранилась целостность нашей нынешней территорий. Более того, авторы уверены, что существенных изменений и различий не произошло во внешней политике Казахского ханства и современного Независимого Казахстана, несмотря на то, что прошло много столетий. Что касается России, Индии и Китая как стратегически важных партнеров при Казахском ханстве, так и теперь можно сказать, что эти три страны и сейчас играют особую роль во внешней политике Казахстана.

Ключевые слова: внешняя политика, политическая стратегия, дипломатия, Казахское ханство, Казахстан, Индия, Россия, Османская империя, Великие Моголы, политические отношения.

Abstract. It is necessary to study the history of the Kazakh Khanate and its foreign policy relations with other countries in order to understand the foreign policy and foreign policy strategy of Kazakhstan after gaining of independence. Because of the wisely implemented foreign policy of the khans who were devoted to their land and people during the Kazakh Khanate, the integrity of our present territories has been preserved. Moreover, we can say that there have been no significant changes in the foreign policy of the Kazakh Khanate and Independent Kazakhstan, despite the fact that many centuries have passed. As for Russia, India and China as strategic partners in the Kazakh Khanate, we can see that nowadays these three states play a special role in Kazakhstan`s foreign policy.

Key words: foreign policy, political strategy, diplomacy, Kazakh Khanate, Kazakhstan, India, Russia, Ottoman Empire, Great Mogols, political relations.

Қазіргі таңдағы Қазақстан сыртқы саясаты, сыртқы саяси стратегиясы мен оның дипломатиясы тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптасты. Ал қазақ дипломатиясының тарихына үңілетін болсақ, тамырының тереңде жатқандығын көре аламыз. Қазақ елінің басқа елдермен қарым-қатынасы XV ғ. Қазақ хандығының құрылуынан кейін орнатыла бастады. Өйткені осы кезден бастап қазақ этносы қалыптасып, сырт мемлекеттерге «қазақ елі» деп таныла бастады.

Қазақ хандығының құрылуы бірнеше кезеңдерден тұрды: бірінші кезең– Қасым, Жәнібек және Керей хандары кезіндегі қазақ хандығының құрылуы; екінші кезең–әлсіреу кезеңі және қайтадан өрлеу кезеңі.

Қазақ хандығы Алтын Орда мен Түркі халықтарының әдіс-тәсілдерін өз дипломатиясында қолдана білді. Көрші елдермен қарым-қатынасында дипломатиялық шеберлік көрсеткен қазақ хандары Қасым хан мен Тәуке ханды айтуымызға болады. XV ғ. мен XVIII ғ. арасында Қазақстан территориясында пайда болған Қазақ хандығы тәуелсіз және басқа мемлекеттер тарапынан танылған халықаралық-құқықтық алаңда бір субъект ретінде әрекет етті. Бұған дәлел ретінде орта ғасырлардағы Евразия мемлекеттерімен қарым-қатынасын көрсететін көптеген жазбаша тарихи қайнар көздерін келтіруімізге болады [1]. Қазақ хандығының тарихымыздағы маңыздылығы тек қазақ дипломатиясының қалыптасуымен ғана шектелмейді, Қазақ хандығы кезіндегі өз елі мен жеріне шексіз берілген хандардың даналықпен жүргізген сыртқы саясаты арқасында қазіргі территориямыздың тұтастығы сақталды десек те болады.

Қазақ хандығы көрші елдермен, Орта Азия хандықтарымен дипломатиялық қарым-қатынаста болған. Алайда оның стратегиялық

маңызы бар серіктестері де болған. Мысалы Ресей, Үндістан және Қытай сияқты үш ұлы державаларды айтуымызға болады. Мақалада Қазақ хандығының Ресей Өкіметі, Осман Империясы мен Үнді елі арасындағы дипломатиялық байланыстарына сипаттама беріледі.

Тарихи көршіміз Ресей Өкіметі мен Қазақ хандығы өте жақсы қарым-қатынаста болды. Қазақ-Орыс қарым-қатынастары Қасым мен Хакназар тұсында пайда болды. Осы кезде патша үкіметімен дипломатиялық хат жазысулар басталды. VI ғасырдың аяғында Ресей Өкіметі өз елшілерін жібере бастады. 1594 ж. Ресейге ең бірінші қазақ елшісі Құл-Мухаммед жіберілді. Елшінің ең маңызды мақсаттарының бірі Ресеймен өзара тиімді достық қарым-қатынас орнату және қару-жарақ тасымалдау еді. Орыс еліне сауда керуендерінің қауіпсіздік мәселелері мен Орта Азия нарығына кедергісіз шығу үшін аймақта серіктес қажет еді.

Осы себептен Орыс мемлекеті Қазақ хандығымен достық-қарым-қатынаста болуға тырысты және ішкі саяси жағдайын үнемі бақылап отырды. Қазақ хандығы мен Орыс мемлекетінің қарым-қатынасы XVI ғасырдың екінші жартысында күшейе түсті. Осы кезде Ресей Орта Азия мемлекеттерімен сауда және дипломатиялық байланысын нығайтып, қазақ жері арқылы Хиуа және Бұқарамен транзиттік сауда жүргізеді. Қазақ жерінен осы кездері Хиуа мен Бұқарадан Ресейге 44 елшілік және Ресейден 9 елшілік Орта Азия хандықтарына өтеді. Орта Азиядан шыққан сауда керуендері қазақ жері арқылы Астрахан, Еділдің жоғарғы ағысымен Саратов, Қазан, Самара қалаларына жетеді [2].

Ресей Өкіметінің Қазақ хандығына қызығушылығының бірнеше аспектілері бар еді:

Ресей Өкіметі Орта Азияға үстемдік орнатқысы келді.

Қазақ жері Ресейге Қытайға тікелей шығуына мүмкіндік туғызды.

Қазақ жері Ресейге Орта Азия нарығына тікелей шығуына мүмкіндік туғызды.

Орта Азия хандықтарымен үздіксіз соғысып келе жатқан Қазақ хандығы үшін де Орыс Өкіметіне арқа сүйеген қолайлы еді.

Бұл қарым-қатынаста екі жаққа өзара тиімді әрі экономика мен сауда үстем болған десек те болады. Экономикалық байланыстарға келер болсақ, қазақтар тұрмыстық заттар мен қару-жарақ алып отырса, орыстар қазақтардан шикізат пен ірі қара мал алып отырды [3].

Қазақстан мен Үндістан жерін мекендеген халықтардың қарым – қатынастарының тарихы өте тереңде жатыр. Алайда тақырыпты зерттеу барысында Қазақ хандығы кезіндегі Қазақ-Үнді қарым-қатынасына байланысты деректердің өте аз екендігін көруімізге болады. Н.А.Атығаевтың «К Истории Казахско-Индийских взаимоотношений» атты мақаласына сүйенетін болсақ, көптеген жылдар бойы тұрғындар бір-бірімен мәдени, діни, өнер саласында қарым-қатынаста болған. Қазақ

хандары мен жергілікті тұрғындар Үндістан мен оның тұрғындары жайлы хабардар болған. Кейбір мәліметті олар үндістердің өздерінен алып отырған. Н.А.Атығаевтың жазуы бойынша, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің XVI ғ. шыққан «Михман-наме-йи Бухара» атты әйгілі тарихи шығармасында Жәнібек ханның ұлы Таныш сұлтанның қол астында болған үнді құлы жайында жазылған, жасөспірім үндіс алғашында Орта Азия өзбектерінің қарамағында болған екен, қазақтардың шабуылынан кейін Қазақ хандығының территориясына келеді. Сонымен қатар, орта ғасырдағы қазақ-үнді қарым-қатынастарының тарихы парсы тілінде шыққан «Тарих-и Кипчаки» шығармасында жазылған екен. Бұл шығарма XVII ғасырда Солтүстік Үндістанда Ұлы Моғол Империясы кезіндегі қазақтар жайында мәлімет береді екен. Бабур ұрпақтары өз шекарасын ұлғайту мақсатында әскери әрекеттерге барады. Балх деп аталатын жерден айырылудан қорыққан өзбек ханы Абд-ал-Азиз-хан көрші елдерден көмек іздей бастайды және Жәңгір ханның көмегіне үміттенеді. Жәңгір ханның әскери көмегінің арқасында өзбек басшылары Ұлы Моғолдарды жеңіп, уақытша Балх жеріндегі үстемдігін сақтайды. Кейбір деректерде Ұлы Моғол империясы мен Қазақ хандығының арасында әскери емес, дипломатиялық қарым-қатынас болғанын да растайды делінген. «Михман-наме-йи Бухара» және «Тарих-и Кипчаки» қайнаркөздерінде Қазақ хандығы мен Ұлы Моғол империясының қарым-қатынастары әртүрлі болғандығын көрсетеді. Кейбір кезеңдерде Орта ғасырдағы Үндістан тұрғындары мен Қазақ хандығының тұрғындары достық қатынаста болса, кей кезеңдерде жаулас болған [4].

Осман империясы мен Қазақ хандығының қарым-қатынастары жайлы мәліметтерді Қазақ хандығы кезеңін зерттеген Н.А.Атығаев пен Х.Абжановтың мақалаларынан табуымызға болады. Аталған мәліметтерге сүйенер болсақ, Қазақ хандығы күшті одақтасқа мұқтаж еді. Сол себептен Осман Империясына үлкен үмітін артқан еді. Қазақ хандығы Осман империясының қолдауы мен көмегін күтті. Өйткені екі жақтың да шыққан тегі бір, түркі тілдес мемлекеттер еді, сонымен қатар діннің ортақ болуы да одақтас болуларына жақсы жағдай жасауы қажет еді. Сол кезеңдегі Ресей-Осман империясы арасындағы шиеленіс те қарастырылған болатын. Бұл жерде қазақ үкіметінің Түрік сұлтаны Ахмет III-ке жазған хатының тарихи үлесі зор. Хаттың алғашқы бөлімдері Сұлтан Ахметті мадақтап жазылған және Қазақ хандығының ұстанымдары мен екі елдің ортақ діні жайлы айтылған. Қазақ хандығында шариятқа сай құлшылық етілетіндігі жазылған. Осыдан кейін ең маңызды бөлім баяндалған. Біздің мемлекетіміз бен Мәскеу мемлекеті арасында «Ака Аштак» деген иелік бар. Оның тұрғындары Сунниттер. Мәскеу бұл иелікті құлдыраған кезінде басып алды. Бүгінге дейін олар Мәскеудің қарамағында және баж салығын төлеп келеді. Қазір бұл

мұсылман халқы Мәскеуден қорқып, бізге қоныс аударды. Егер Сіз бізге көмек көрсетсеңіздер бұл кәпірлерден иеліктің сегіз қаласын тартып алар едік [5].

Сонымен қатар Атығаевтың мақалаларында Осман Империясы мен Қазақ хандығының байланыстары былай жазылған: «Қазақ хандығы жайында алғаш хабарлар Стамбулға XVIғ. 20 жылдарында келген. 1551ж. Ноғай Ордасындағы орыс елшісі П.Тургеневтің хабарлауынша Сүлеймен сұлтан Мәскеу Өкіметіне қарсы мұсылман мемлекетінің коалициясын құрып, Қазан тұрғындарына қолдау көрсеткісі келген» [6].

XVIғ. Қазақ хандығының жүргізген сыртқы саясаты өзінің өзектілігін күні бүгінге дейін жоғалтқан емес. Көріп отырғанымыздай, Қазақ хандығы құрылғаннан бері қаншама ғасыр өтсе де, сыртқы саяси басымдылықтарымыз өзгермеген десек те болады. Яғни Ресей қазіргі таңда Қазақстан үшін приоритетті серіктес. 7 548 км.-ге созылатын шекараны бөлісіп отырған Ресей Өкіметімен бұл күнге дейін арамызда үлкен шиеленіс болып көрмепті. Керісінше, екі ел арасында экономикалық, мәдени, саяси қатынас күннен күнге дамуда. Ресей де Қазақстан да бірнеше халықаралық және аумақтық ұйымдарға мүше. Қазақстан әлі күнге дейін Ресей үшін транзиттік потенциалын жоғалтпады десек те болады. Ресей Қазақстан территориясы арқылы Түркмен газын тасымалдайды және Орта Азия мемлекеттерімен сауда-саттық жүргізеді. Қазақстан территориясы сонымен қатар Қытайды Еуропа мемлекеттерімен байланыстырушы транзиттік аумақ болып отыр.

Қазақ хандығы кезінде Осман империясымен қарым-қатынас әлсіздеу болғанымен Қазіргі таңда бұл кемшілік жойылды. Қазақстан мен Түркия мемлекеті арасындағы дипломатиялық, саяси және экономикалық байланыс қарқынды дамуда. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанда ең бірінші құттықтаған ел де Түрік мемлекеті еді. Қазақстан мен Түркия бірнеше халықаралық ұйымдарға мүше. Географиялық жағынан бір-біріне жақын орналаспағанымен, тілі мен діні ортақ бауырлас екі ел байланысын күннен-күнге дамытуда.

Үнді мемлекетін айта кетер болсақ, қазіргі таңда Үнді мемлекеті қарқынды түрде дамып келе жатқан алдыңғы қатардағы ел болып табылады. Өзара қарым-қатынасты, әсіресе экономикалық қатынасты дамытудың еліміз үшін маңызы өте зор. Миллиондаған халқы бар Үнді мемлекеті мен Қазақстан арасында сауда-саттық, соның ішінде мұнай байланыстарын дамытуға көңіл бөлініп жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Атығаев Н.А. Казахское ханство в системе международных отношений Евразии // Scientific E-journal «edu.e-history.kz. – 2008. – № 3.

2 Жаппасов Ж.Е. XVI-XVIIIғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы: Оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2011. – 15 б.

3 Жумалы Р. Геополитика Центральной Азий. – Алматы, 2006. – 135 б.

4 Атыгаев Н.А. К истории казахско-индийских взаимоотношений в XVI-XVIII вв. // Scientific E-journal «edu.e-history.kz. – 2008. – №3 (11).

5 Абжанов Х. Казахское ханство и мировое историческое пространство. – [Электрон.ресурс]. –2015. – URL: <http://mysl.kazgazeta.kz/?p=6469->.

6 Атыгаев Н.А. Казахское ханство в системе международных отношений Евразии // Scientific E-journal «edu.e-history.kz. – 2008. – № 3.